

Қол ұшы флегмоналары



Орындаған: Хасенов Н.

Қабылдаған: Раев А.А.

Флегмона деп май
клеткасының жедел іріңді
түрде қабынуын айтады.
Абсцесспен салыстырғанда
айқын шекаралары
болмайды.



Этиологиясы:

- Іріңдеген сүйелдер;
- Фурункул;
- Күбірткелер;
- Қолдың терең жарақаттары;
- Тендовагинит;
- Тістелінген жарақат;
- Терінің іріңді қабыну процестері;
- Инемен шаншу, кесіп алу және т.б.;
- Тіндерге енген бөгде заттар;
- Күйіктер мен үсіктер.





Жіктелуі

Қол ұшы флегмоналары :

1. Тенардың бұлшықетаралық флегмонасы.
2. Гипотенардың бұлшықетаралық флегмонасы.
3. Комиссуральді флегмона (мозольді абсцесс, намин).
4. Орталық алақан кеңістігінің флегмонасы (сіңір үстілік және астылық, апоневроз асты және үсті).
5. Тоғысқан /U-тәрізді/ флегмона.
6. Саусақ сыртының теріасты (апоневрозүсті) флегмонасы.
7. Саусақ сыртының апоневрозасты флегмонасы.
8. Саусақ сыртының фурункулы (карбункул).

Саусақаралық (комиссуральді) флегмона




Тенар аймағындағы флегмона



A



B




C




Гипотенар аймағындағы флегмона



Тоғысқан /U-тәрізді/ флегмона






Medyniver.com
Телемедицина

Синовиялды қапшық флегмонасы




Клиникалық көрінісі процестің тез пайда болып таралуымен сипатталады. Науқаста жалпы және жергілікті көріністер орын алады. Жалпы белгілеріне: дене температурасының жоғарылауы, жалпы мазасыздану жатады.



Жергілікті белгілері:


- *ruber* (қызару),
- *color* (жергілікті температураның жоғарылауы),
- *tumor* (домбығу),
- *dolor* (ауырсыну),
- *functio laesa* (қызметінің бұзылуы).



Негізгі және қосымша диагностикалық шаралар тізімі:

1. Қанның жалпы анализі.
2. Зәрдің жалпы анализі.
3. Флораны анықтау және оның антибиотиктерге сезімталдылығын анықтау.
4. Қан тобы мен резус факторды анықтау.
5. Дифенил сынамасын, тимолсынамасын, глюкозаны анықтау.
6. АЛТ анықтау.
7. ЭКГ.
8. Өкпе рентгенографиясы.
9. Глист жұмыртқасына нәжісті зерттеу.
10. Қандағы қантты зерттеу.
11. Эндокринолог консультациясы.
12. HBs Ag, anti - HCV ВИЧ.

Флюктуация симптомов тексеру



Ем мақсаты: оперативті ем және ірінді ошақтарды санациялау, тері жабындыларының және қолдың функциясын қалпына келтіру, рецидивтің алдын алу.



Дәрі дәрмексіз ем: қабынудың серозды-инфильтративті фазасында спирттік ванналар, трипсин, химотрипсин электрофорезі, антибиотикотерапия қолданылады, оның ішінде антибиотиктерді регионарлық венаішілік енгізу, УВЧ-терапия.

Дәрі дәрмектік ем: операциядан кейін микрофлора сезімталдылығы ескеріліп, антибиотикотерапия қолданылады, антисептиктер, сульфаниламидтер, протеолиздік ферменттер, физио- және рентгенотерапия.

Тері некрозында және шекаралық (демаркациялық) сызықтар пайда болғанда некрэктомия жүргізеді. Жараны некроздық массалардан және іріңнен тазалағаннан кейін жақпа маймен таңғыш салады. Емдеу барысында физиотерапиялық шаралар жүргізіледі (УФО, УВЧ және т.б.), сонымен қатар түйіршіктердің өсуі мен эпителиленуі консервіленген плацента, фибринді пленка, жараны ультрадыбыспен, лазер сәулесімен өңдеу арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті еммен параллель интенсивті ем жүргізіледі, оның құрамында дезинтоксикациялық, антибактериялық және иммуностимулдеуші шаралар болуы тиіс. Ұзақ уақыт массивті антибиотикотерапия қолданғанда микоз пайда болуының алдын алу және емдеу үшін итраконазол оралді ерітіндісі 5 мг\кг\күніне, 10 күн бойы тағайындалады. Жаңа туылған нәрестелерде флегмонаның болжамы әрқашан ауыр болады. Диагноз неғұрлым ерте қойылып емдеу шаралары ерте басталса, соғұрлым аурудың болжамы жақсы болу мүмкіндігі жоғары болады.

- ✓ Саусақ сыртындағы флегмонаны (беткейлік және терең) ұзынша сызықпен айқын флюктуация және гиперемия жерінде ашады. Осындай әдіспен алақан және үстіңгі жақ абсцесстері ашылады.
- ✓ Ортаңғы алақан кеңістігінің беткейлік флегмонасын ұзынша кесіп, саусақтың алақан бетіндегі некроздалған апоневрозды кеседі.
- ✓ Ортаңғы алақан кеңістігінің терең флегмонасын осындай әдіспен кеседі. Алақандық апоневрозды кескеннен кейін емшараны алақандық артериалдық доғаны зақымдап алмас үшін, тұйық жолмен жүргізеді.
- ✓ Фасциальді май қабат кеңістігінің флегмонасын линиялық тілікпен кесіп, әрі қарай жараны дренаждайды. Тенар флегмонасын ашу кезде орталық нервті зақымдап алмау қажет.
- ✓ Комиссуральді флегмонаны тиісті сүйекаралықта линиялық тілікпен кеседі. Саусақтың бүйірлік бетінде қабыну процессінің таралуында іріңді қосымша тіліктен дренаждайды.



Алақанның флегмоналары кезінде кесу жүргізу:
 а — тенар және алақанның ортаңғы кеңістігінің флегмонасы: 1 — Iselin бойынша кесу, 2 — Канавел юойынша кесу, 3, 4 — Войно-Ясенецкий бойынша; б — алақанның ортаңғы кеңістігінің флегмонасы: 1 — Iselin бойынша кесу, 2 — Пик бойынша кесу (кеңістік пунктирмен белгіленген); в — Канавел бойынша кесу

Саусақаралық флегмонаны дренирлеу әдісі

